

## 2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 505 Заңы

**1-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджет 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) түсімдер - 934 306 555 мың теңге, оның ішінде:  
кірістер - 847 823 861 мың теңге;  
алынған ресми трансфертер - 69 870 048 мың теңге;  
кредиттерді қайтару - 16 612 646 мың теңге;
- 2) шығыстар - 1 026 969 555 мың теңге, оның ішінде:  
шығындар - 977 897 923 мың теңге;  
кредиттер - 49 071 632 мың теңге;
- 3) тапшылық - 92 663 000 мың теңге, яғни елдің жалпы ішкі өнімінің болжамды көлемінің 1,8 проценті. <\*>

Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджеттің тапшылығын Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

**Ескеरту.** 1-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.

**2-бап.** Ресей Федерациясының әскери полигондарды пайдаланғаны үшін төленетін жалдау ақысы республикалық бюджеттің кірісінде 3 803 250 мың теңге сомасында көрсетіледі, оның:

442 560 мың теңгесі ақшалай түседі;

3 360 690 мың теңгесі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы сынақ полигондарын жалдау туралы шарттарда айтылған талаптарға сәйкес жүзеге асырылады және оны 006 "Қару-жарақты, әскери және өзге де техниканы, байланыс жүйелерін жаңғырту, сатып алу және қалпына келтіру" және 011 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білімді мамандар даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламалары бойынша шығыстарды көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі пайдаланады.<\*>

**Ескерту.** 2-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.

**3-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін түсімдер:

15 904 500 мың теңге сомасындағы жалдау ақысы;

8 989 500 мың теңге сомасындағы жалдау ақысы бойынша берешек көзделсін.  
**Ескеरту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**4-бап.** 2004 жылы "Өнімдерді бөлу туралы" келісім-шарттар бойынша алынатын өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі 100 процент мөлшерінде республикалық бюджетке есептелетін болып белгіленсін.

**5-бап.** Пайдалы қазбалар өндіруді жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жасалғанға дейін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдаланғаны үшін аударымдарды роялти түрінде республикалық бюджеттің кірісіне бірыңғай бюджеттік сыныптаманың кірістер сыныптамасының "Роялти" кодына Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың жұмысын келісім-шарттық негізге көшіруді жеделдете жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 24 ақпандағы N 135 қаулысымен бекітілген ставкалар бойынша белгіленген мөлшерде аударсын.

**6-бап.** Шикізат секторы ұйымдарынан түсіп, республикалық бюджетке есептелетін 2004 жылға арналған салық түсімдерінің көлемі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

## **7 - б а п . М ы на л а р :**

бірыңғай бюджеттік сыныптаманың кірістер сыныптамасының "Роялти" коды бойынша - жер қойнауын пайдаланушылардың Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы молықтыру жөніндегі республикалық қор алдындағы берешегі, сондай-ақ келісім-шарттық аумақтарды геологиялық зерттеуден мемлекет шеккен, жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың негізінде осы кен орындарын пайдаланатын жер қойнауын пайдаланушылар өтейтін тарихи шығындар

с о м а с ы ;

бірыңғай бюджеттік сыныптаманың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша - бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндепті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар жөніндегі берешек, сондай-ақ бұрын Жол қорына түсіп келген автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары;

"Өндірушілер көтерме саудада сататын, өзі өндіретін бензин (авиациялық бензинді қоспағанда)" коды бойынша - бұрын Жол қорына түсіп келген бензиннен алынатын алым

б о й ы н ш а б е р е ш е к ;

"Өндірушілер көтерме саудада сататын, өзі өндіретін дизель отыны" коды бойынша - бұрын Жол қорына түсіп келген дизель отынынан алым жөніндегі берешек тиісті бюджеттің кірісіне есептелетін болып белгіленсін.

**8-бап.** Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген, еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі және босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге жұмыс берушілер аударған жәрдемақы сомасының көрсетілген қорға аударылған

жарналар сомасынан асып тұсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 3 проценті шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне есептеліп отырады.

**9-бап.** Акционерлік қоғамдардан - ұлттық компаниялардан 2004 жылға арналған республикалық бюджетке түсетін түсімдердің көлемі 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**10-бап.** Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардан 2004 жылға арналған республикалық бюджетке түсетін түсімдердің көлемі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**11-бап.** Облыстық бюджеттерден және Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алулар мөлшерінің жалпы сомасы 2004 жылға 69 870 048 мың теңге, оның ішінде:

Атырау облысынан - 25 865 709 мың теңге;

Маңғыстау облысынан - 10 139 127 мың теңге;

Астана қаласынан - 1 804 090 мың теңге;

Алматы қаласынан - 32 061 122 мың теңге болып белгіленсін.

**Ескерту.** 11-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.

**12-бап.** Мынадай ұйымдардың:  
мемлекеттік білім беру мекемелерінің;  
санитарлық-эпидемиологиялық мекемелердің;  
сот сараптамасы органдарының;  
туберкулезге қарсы мекемелердің;  
психоневрологиялық мекемелердің;  
Қазақ республикалық лепрозорийінің;  
қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы ұлгідегі интернат-үйлердің;  
ақыл-есі кем балаларға арналған интернат-үйлердің;  
психоневрологиялық интернаттардың;

мемлекеттік мекеме нысанында құрылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың;  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің;

ішкі істер органдары мамандандырылған күзет бөлімшелерінің;  
әділет органдары тергеу изоляторларының; <\*>  
шекара заставаларында, шалғай аудандарда орналасқан оқшауланған жабық гарнizonдарда қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерді (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және олардың отбасы мүшелерін ақылды негізде азық-түлікпен қамтамасыз еткен жағдайда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскер бөлімдерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бөлімдері мен бөлімшелерінің;  
мемлекеттік мұрағаттардың;

мемлекеттік кітапханалардың;  
мемлекеттік мұражай-қорықтардың;  
орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің тауарлар сатуы мен қызметтер  
көрсетуінен түсітін түсімдер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін  
тәртіппен пайдаланылатын болып белгіленсін.

**Ескеरту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564**  
Заңымен.

**13-бап.** 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері - 6 600 теңге;
- 2) зейнетақының ең төменгі мөлшері - 5 800 теңге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш 919 теңге мөлшерінде белгіленсін.

**14-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте бала тууга байланысты он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылатын біржолғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге 3 080 948 мың теңге сомасында шығыстар көзделсін.

**15-бап.** 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), сондай-ақ Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел-іздестіру, тергеу және саптық бөлімшелерінің, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің, қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 430 теңге сомасында белгіленсін. <\*>

**Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564**  
Заңымен.

**16-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджеттің шығыстарында:

1) резидент заңды тұлғаларға салынатын корпоративтік табыс салығы бойынша:  
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдары бойынша - 15  
2 5 1                        м ы н                        т е н г е                        с о м а с ы н д а ;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі үшін, асыл тұқымды мал шаруашылығымен шұғылданатын аттестатталған шаруашылықтар бойынша - 3 394  
м ы н                        т е н г е                        с о м а с ы н д а ;                        < \* >

2) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, орындалған жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге қосылған құн салығы бойынша:

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы бойынша - 802 930 мың теңге  
с о м а с ы н д а ;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі үшін, асыл тұқымды

мал шаруашылығымен шұғылданатын аттестатталған шаруашылықтар бойынша - 35

9 3 5                м ы ң                т е ң г е                с о м а с ы н д а ;                < \* >

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдары бойынша - 7

3 9 2                м ы ң                т е ң г е                с о м а с ы н д а ;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін арнайы жабдық берілімі үшін Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға қосылған құн салығы бойынша - 73 033 мың тенге сомасында;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін арнайы жабдық берілімі үшін әкелінетін тауарларға кеден баждары бойынша - 1 743 мың тенге сомасында ;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін арнайы жабдық берілімі үшін кедендей бақылау мен кедендей ресімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдер бойынша - 1 607 мың тенге сомасында;

6) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі үшін, асыл тұқымды мал шаруашылығымен шұғылданатын аттестатталған шаруашылықтар жөніндегі роялти бойынша - 139 мың тенге сомасында;<\*>

7) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі үшін, асыл тұқымды мал шаруашылығымен шұғылданатын аттестатталған шаруашылықтар жөніндегі басқа да салық түсімдері бойынша - 12 мың тенге сомасында берешектерді өтепе қаражат ескерілсін .                < \* >

**Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заымен.**

**17-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ететін ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға 7 512 317 мың тенге сомасында қаражат, оның ішінде:

121 000 мың тенге - "Аграрлық кредит корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына ;

4 805 564 мың тенге - "ҚазАгроКаржы" жабық акционерлік қоғамына;

2 500 000 мың тенге - "Мал өнімдері корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына;

85 753 мың тенге - "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына көзделсін.

**18-бап.** Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы шығыстарының құрамында мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңартуға 398 188 мың тенге сомасында шығындар көзделді деп белгіленсін.

Мемлекеттік органдардың тізбесін және сатып алынатын техниканың санын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

**19-бап.** Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі шығыстарының құрамында республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негізdemелерін өзірлеуге және оларға сараптамалар жүргізуге 303 000 мың теңге сомасында шығындар көзделді деп белгіленсін.

Республикалық инвестиациялық жобалардың техникалық-экономикалық негізdemелерін өзірлеу және оларға сараптамалар жүргізу ісін қаржыландыру Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен және тізбе бойынша жүзеге асырылады.

**20-бап.** Республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенциялар мөлшерінің жалпы сомасы 2004 жылға 134 395 118 мың теңге, оның ішінде:

Ақмола облысына	-	14	112	078	мың	теңге;
Ақтөбе облысына	-	2	130	712	мың	теңге;
Алматы облысына	-	14	425	291	мың	теңге;
Шығыс Қазақстан облысына	-	15	010	054	мың	теңге;
Жамбыл облысына	-	15	064	657	мың	теңге;
Батыс Қазақстан облысына	-	5	657	033	мың	теңге;
Қарағанды облысына	-	6	998	424	мың	теңге;
Қостанай облысына	-	8	891	582	мың	теңге;
Қызылорда облысына	-	10	908	556	мың	теңге;
Павлодар облысына	-	1	043	270	мың	теңге;
Солтүстік Қазақстан облысына	-	11	468	018	мың	теңге;
Оңтүстік Қазақстан облысына	-	28	685	443	мың	теңге болып белгіленсін.

**Ескеrtу.** 20-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.

**21-бап.** Облыстық бюджеттерге 2004 жылға арналған субвенциялар мөлшерін анықтау кезінде республикалық бюджет алдындағы борышты өтеу үшін 787 000 мың т е н г е , о н ы н ц и ш i н д e :

Ақтөбе облысына	-	287	000	мың	теңге;
Қостанай облысына	-	500	000	мың	теңге;

**Ескеrtу.** 21-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.

**22-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сарышаған сынақ полигонын пайдалану мен жалдау және Приозерск қаласының тіршілік-тынысын қамтамасыз ету жағдайлары туралы 1995 жылғы 20 қантардағы келісімге сәйкес Қарағанды облысы Приозерск қаласының инфрақұрылымын қолдауға 200 000 мың теңге сомасында мақсатты трансфертер көзделсін. <\*>

**Ескеrtу.** 22-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.

**23-бап.** Қызылорда облысының бюджетіне 2004 жылға арналған субвенция мөлшерін анықтау кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінде тұратын және (немесе) жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы азаматтарының әлеуметтік кепілдіктері туралы 1998 жылғы 12 қазандағы келісімге сәйкес, "Байқоңыр" кешенінде тұратын және (немесе) жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге жұмсалатын шығыстар ескерілді деп белгіленсін.

**24-бап.** "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңын іске асыруға қаражат 2004 жылға арналған жергілікті бюджеттерде 5-қосымшада белгіленгеннен кем емес мөлшерде көзделетіні ескерілсін.

**25-бап.** 2004 жылға арналған жергілікті бюджеттердің шығыстарында 6-қосымшага сәйкес кепілдік берілген көлемде тегін медициналық көмек көрсетуге 15 000 000 мың теңге сомасында қосымша шығындар көзделетіні ескерілсін.

Қосымша шығыс қаражатын жұмсауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**26-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мамандандырылған білім беру үйімдарында оқитын, есту және көру қабілеті бұзылған мүгедек балаларды сурдо- және тифлокүралдармен қамтамасыз етуге облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 112 165 мың теңге сомасында мақсатты трансфертер көзделгені ескерілсін.

Аталған соманы бөлу Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен және тізбе бойынша жүзеге асырылады.

**27-бап.** 27-бап. 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіletіn 2004 жылға арналған оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандардың отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз етуге - 5 072 582 мың теңге сомасында, сондай-ақ 2003 жылға арналған оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілген оралмандардың 316 отбасына тұрғын үй сатып алуға 209 396 мың теңге қаражат көзделсін.

2004 жылға арналған оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша келетін оралмандар отбасыларына қаражат Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен отбасының бір мүшесіне жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш есебінен бөлінеді деп белгіленсін. <\*>

**Ескеरту.** 27-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.

**28-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қызылорда облысының облыстық бюджетіне мақсатты трансфертер мынадай мөлшерде көзделсін: 156 800 мың теңге - Арап және Қазалы аудандарының халқына мемлекеттік атаулы

әлеуметтік көмек көрсету үшін;

122 251 мың теңге - Арал және Қазалы аудандарының халқына кепілдік берілген көлемде тегін медициналық көмек көрсету үшін.

Арал және Қазалы аудандарының халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге шығыстар жергілікті бюджеттерде өз қаражаты есебінен 116 000 мың теңгеден кем емес сомада көзделетіні ескерілсін.

**29-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Ақтөбе облысының облыстық бюджетіне мақсатты трансфертер мынадай мөлшерде көзделсін:

43 200 мың теңге - Шалқар ауданының халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін;

17 122 мың теңге - Шалқар ауданының халқына кепілдік берілген көлемде тегін медициналық көмек көрсету үшін.

Шалқар ауданының халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге арналған шығыстар жергілікті бюджеттерде өз қаражаты есебінен 95 000 мың теңгеден кем емес сомада көзделетіні ескерілсін.

**30-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мынадай мөлшерде:

мемлекеттік білім беру ұйымдарының үлгі штаттарын ұстауды қамтамасыз етуге - 2 7 3 1 9 2 1 мың тенге;

жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға - 1 141 080 мың теңге;

жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға - 438 887 мың теңге ;

шагын қалаларды, оның ішінде экономикасы күйзеліске ұшыраған қалаларды дамытуға - 3 00 000 мың тенге;

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының балансынан алып берілген жалпы білім беретін оқу орындарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге - 7 1 5 8 3 0 мың тенге; <\*>

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта кәсіптік оқу орындарында оқитын студенттер стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға - 219 006 мың тенге;

патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырауға арналған ақшалай қаражат төлеуге - 244 682 мың тенге;

полицияның участекілік инспекторларының ақшалай ризығын ұлғайтуға және оларды материалдық-техникалық жарактандыруға - 716 000 мың теңге мақсатты трансфертер көзделгені ескерілсін.

Бұл сомаларды облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

Ескеरту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.

**31-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарын ұстауға облыстық бюджеттерге 7-қосымшаға сәйкес берілетін 2 882 473 мың теңге сомасында мақсатты трансферттер көзделгені ескерілсін.

**32-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шенберінде ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын нығайтуға 15 000 000 мың теңге, оның ішінде:

ауылдық елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету объектілерін салуға және реконструкциялауға - 5 460 000 мың теңге;

ауылдық мектептер құрылышына облыстық бюджеттерге мақсатты инвестициялық трансфертер - 5 210 000 мың теңге;

ауылдық (селолық) жердің денсаулық сақтау объектілері құрылышына және реконструкциялауға облыстық бюджеттерге мақсатты инвестиациялық трансфертер - 4 022 600 мың теңге;

ауылдық (селолық) жердің денсаулық сақтау ісінде ұтқыр және телемедицинаны дамытуға - 2 500 000 мың теңге;

2003 жылғы 23 мамырда жер сілкінісінен зардап шеккен Т.Рысқұлов ауданындағы денсаулық сақтау объектілерін жөндеуге Жамбыл облысының облыстық бюджетіне мақсатты трансфертер - 57 400 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

2004 жылғы республикалық бюджет қаражатының есебінен салуға, реконструкциялауға, жөндеуге жататын ауылдық (селолық) жердің білім беру, денсаулық сақтау және ауыз сумен қамтамасыз ету объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

**33-бап.** Тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша облыстық бюджеттерге, Астана, Алматы қалаларының бюджеттеріне 2004 жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінетін мақсатты инвестиациялық трансфертер есебінен іске асырылатын жергілікті инвестиациялық жобалардың тізбесін және көлемін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын болып белгіленсін.

**3 4 - б а п . < \* >**

Ескерту. 34-бап алғыншып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.

**35-бап.** 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап аумақтық ішкі істер органдарының электрондық почта қызметтеріне жұмсалатын шығындар республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

**36-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына берілетін ресми трансфертер 9 309 670 мың теңге сомасында көзделсін.

**Ескерту.** 36-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.

**37-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте өткен жылдардың міндеттемелерін орындауға 1 162 176 мың теңге, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне - шетелде Қазақстан Республикасының меншігіне жылжымайтын мүлік сатып алуға 201 894 мың теңге;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне - Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтардың зейнетақыларына ұстеме ақы төлеуге 652 000 мың теңге;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне - "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының әскери тасымалдар бойынша шығындарын өтеуге - 308 282 мың теңге көзделсін.

**Ескерту.** 37-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.

**38-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 15 250 333 мың теңге сомасында, оның ішінде:

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға - 10 651 333 мың теңге;

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына кредиттік ресурстар беруге - 4 599 000 мың теңге қаражат көзделсін.

**Ескерту.** 38-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.

**39-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте мына ұйымдардың жарғылық капиталын қалыптастыру мен ұлғайтуға 26 062 183 мың теңге сомасында қаржат:

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамына - 45 950 мың теңге;

"Күйгенжар" акционерлік қоғамына - 274 798 мың теңге;

"Астана халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамына - 2 599 429 мың теңге;

"Қазақстан келісім-шарт агенттігі" акционерлік қоғамына - 93 000 мың теңге;

"Инжинириング және технологиялар трансферті орталығы" акционерлік қоғамына - 9 00 000 мың теңге;

"Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамына - 1 222 890 мың теңге;

"Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамына - 10 500 000 мың теңге;

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамына - 750 000 мың теңге;

"Қазақстан инжинириング" (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына - 786 116 мың тенге;

Қазақстанның Тұрғын үй құрылышы жинақ банкі" акционерлік қоғамына - 1 500 000 мың тенге; < \* >

ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына - 7 390 000 мың тенге, оның ішінде Амангелді газ кен орындары топтарын игеруі - 4 000 000 мың тенге, Ақшабұлақ - Қызылорда қаласы газ құбырын салуға - 3 390 000 мың тенге көзделсін. < \* >

**Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**40-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте ақпараттық технологиялар паркін құруға 700 000 мың тенге сомасында қаражат көзделсін. < \* >

**Ескерту. 40-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**40-1-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылышына облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 6 400 000 мың тенге сомасында мақсатты трансфертер көзделгені ескерілсін.

Аталған трансфертерді бөлудің және пайдаланудың тәртібін Қазақстан Республикасының Укіметі айқындайды. < \* >

**Ескерту. 40-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**40-2-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Укіметі айқындайтын тәртіппен тұрғын үй саясатын іске асыру шенберінде тұрғын үй құрылышына сыйақының (мұдденің) нөлдік ставкасы бойынша жергілікті атқарушы органдарға кредит беруге 12 460 000 мың тенге көзделсін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы заңдарында көзделген жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы жөніндегі шектеулер осы бапта көрсетілген кредиттерге қолданылмайды деп белгіленсін. < \* >

**Ескерту. 40-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**41-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте тұрғын үй құрылыш жинақ ақшаларына салымдар бойынша сыйақыларды төлеуге 1 990 мың тенге сомасында қаражат көзделсін. < \* >

**Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**42-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Тұрғынүйқұрылышбанк" жабық акционерлік қоғамы арқылы алғынған жеңілдікті тұрғын үй кредиттері қарыз

алушыларының 2003 жылғы төлемдері бойынша бағамдық айырманы төлеуге 49 764 мың тенге көзделсін. <\*>

**ЕскеRTу. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**43-бап.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылға арналған резерві 10 258 913 мың тенге, оның ішінде:

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен анықталатын өзге де күтпеген шығыстар үшін

- 9 428 000 мың тенге;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндettемелерін өтеу үшін

- 230 913 мың тенге;

кассалық алшақтықты жабуға төмен тұрған бюджеттерге кредит беру үшін арнаулы резерв - 600 000 мың теңге сомасында бекітілсін.

**44-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету үшін 12 100 980 мың теңге көзделсін.

**ЕскеRTу. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**45-бап.** 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес 2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша таратылған заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндettемелерді орындауға тартылған кредиттер мен қаражаттар бойынша талаптары тоқтатылатын болып;

ұйымдардың тізбесі мен берешек көлемін Қазақстан Республикасының Үкіметі 2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша анықталатын болып белгіленсін.

**46-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджетте:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес көктемгі егіс және жиын-терім жұмыстарын жүргізу үшін сыйақының (мудденің) нөлдік ставкасы бойынша жергілікті атқарушы органдарға кредит беруге 5 500 000 мың теңге сомасында;

лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуге кредит беруге 1 000 000 мың теңге сомасында;

ауыл шаруашылығы өндірісіне ауылдық кредиттік серіктестіктер жүйесі арқылы кредит беруге 2 120 203 мың теңге сомасында; <\*>

ауыл шаруашылығы өнімдерін өндейтін кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингіне кредит беруге 675 000 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

Бұл қаражатты бөлу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген

қарыз алуы бойынша шектеулер көктемгі егіс және жиын-терім жұмыстарын жүргізуге респубикалық бюджеттен берілген кредиттерге қолданылмайды деп белгіленсін. <\*>

**Ескеरту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**47-бап.** Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдауға арналған шығыстарының құрамында 7 095 962 мың теңге, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен анықталатын тәртіппен мыналарға байланысты іс-шараларды қаржыландыруға:

тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға - 911 013 мың теңге;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға - 1 289 047 мың теңге;

өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы мен сапасын арттыруды қолдауға - 1 000 000 мың теңге;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялауға - 553 883 мың теңге;

өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруды қолдауға - 2 000 000 мың теңге;

екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін өндейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мұдде) ставкасын субсидиялауға - 830 783 мың теңге;

ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтау мен қалпына келтіруге - 9 8 2 9 7 мың теңге;

ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы (мұдде) ставкасын өтеуге - 3 9 3 8 0 7 мың теңге;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өндейтін кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингі бойынша сыйақы (мұдде) ставкасын өтеуге - 19 132 мың теңге көзделсін. <\*>

**Ескерту. 47-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**48-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің шығындары құрамында мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру мен сақтауға, рынокқа реттеуші ықпал ету үшін дизель отынының нормативтен тыс қорын мақсатты сатып алуға 3 719 300 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін. Дизель отынының нормативтен тыс қорын өткізуден түскен қаражат респубикалық бюджет кірісіне есептеледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің мемлекеттік материалдық резервтің дизель отынының нормативтен тыс қорын сатып алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

**49-бап.** 2004 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 6 915 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін. <\*>

**Ескеरту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**50-бап.** 2004 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үкіметтік борыш лимиті 680 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін. <\*>

**Ескерту. 50-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**51-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджеттің ағымдағы бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 8-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**52-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі 9-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**53-бап.** 2004 жылға арналған республикалық бюджеттің бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 10-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2004 жылға арналған жергілікті бюджеттердің атқарылуы процесінде 11-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

**54-бап.** Осы Заң 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

" 2 0 0 4      ж ы л ғ а      а р на л ғ а н  
р е сп у б ли ка лы қ      б ю д ж е т      т у р а л ы "  
Қазақстан      Р е сп у б ли ка сы ның  
2 0 0 3      ж ы л ғ ы      5      ж е л т о қ са н дағы  
N      5 0 5 - I I      КРЗ      Заңына  
1-ҚОСЫМША

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.06.16. N 564 Заңымен.**

**Қазақстан Республикасының  
"2004 жылға арналған республикалық бюджеті**

<b>Санаты</b> <b>Сыныбы</b>	<b>Атауы</b> <b>Ишкі</b>	<b>Сомасы,</b> <b>мың теңге</b> <b>сыныбы</b> <b>Ерекшелігі</b>
--------------------------------	-----------------------------	--

	<b>I. Кірістер</b>	847823861
1	<i>Салықтық түсімдер</i>	763504877
01	<b>Табыс салығы</b>	331858815
1	Корпоративтік табыс салығы	331858815
	01      Резидент заңды тұлғалардан алынатын	алынатын
	корпоративтік табыс салығы	219105185
02	Резидент емес заңды тұлғалардан алынатын	13390932
	корпоративтік табыс салығы	
03	Резидент заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы	3357126
04	Резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы	23579616
		<b>С А Л Ы Ф Ы</b>
05	Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша шикізат секторы үйымдары - заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы	53283956
06	Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша шикізат секторы үйымдарының төлем көзінен ұсталатын, резидент заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы	383000
07	Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша шикізат секторы үйымдарының төлем көзінен ұсталатын, резидент емес заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы	18759000
05	<b>Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар</b>	382506345
1	<i>Қосылған құн салығы</i>	249515551
01	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, орындалған жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге салынатын қосылған құн салығы	56486609
02	Ресей Федерациясының аумағынан шығарылатын және импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығынан басқа, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығы	109468712

04	Резидент емес үшін салынатын қосылған құн салығы	14950604
05	Ресей Федерациясының аумағынан шығарылатын және импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығы	65402110
06	Ресей Федерациясы аумағынан шығарылатын және импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығынан басқа, Қазақстан Республикасы аумағына импортталатын тауарлардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесін. де жете есептелген қосылған құн салығы	2054681
07	Ресей Федерациясының аумағынан шығарылатын және импортталатын тауарлардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген қосылған құн салығы	1152835
2	<b>Акциздер</b>	8070527
29	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, газ конденсатын қоса алғанда, шикі мұнай	716497
41	Қазақстан Республикасының аумағына импортта. латын спирттің барлық түрі	45000
42	Қазақстан Республикасының аумағына импорттадын арақ	208944
43	Қазақстан Республикасының аумағына импортта. латын күшті ликер-арақ өнімдері және басқа да күшті алкогольді сусындар	36910
44	Қазақстан Республикасының аумағына импортта. латын шараптар	92796
45	Қазақстан Республикасының аумағына импортта. латын коньяк	42715
46	Қазақстан Республикасының аумағына импортта. латын шампан шараптары	1507
47	Қазақстан Республикасының аумағына импортта. латын сырға	878622
48	Қазақстан Республикасының аумағына импортта. латын, градусы аз ликер-арақ бұйымдары және этил спиртінің көлемдік үлесі 12-ден 30 процентке дейінгі басқа да әлсіз алкогольді ішімдіктер	705

49	Қазақстан Республикасының аумағына импортта.	803
	латын бекіре және албырт балықтардың уылдырығы	
50	Қазақстан Республикасының аумағына имортта.	336352
	латын темекі бұйымдары	
55	Қазақстан Республикасының аумағына имортта.	1214496
	латын жеңіл автомобильдер (мүгедектерге арнайы арналған, қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа)	
60	Қазақстан Республикасының аумағына имортта.	4382238
	латын бензин (авиациялықты қоспағанда)	
81	Қазақстан Республикасының аумағына имортта.	112942
	латын жеңіл автомобильдердің (мүгедектерге арнайы арналған қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа) кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептеген акциздер	
3	<i>Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны</i>	124513614
	үшін түсетін түсімдер	
02	Үстеме пайдаға салығы	1260520
05	Бонустар	9570400
06	Роялти	86593806
08	Жасалған келісімшарттар бойынша өнімді	1283976
	бөлгендегі Қазақстан Республикасының үлесі	
09	Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем	4887042
10	Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны	65315
	үшін төлем	
11	Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем	152006
13	Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	29819
26	Шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша заңды тұлғалардан) түсетін роялти	12900906
28	Шикізат секторы ұйымдарының (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша заңды тұлғалардың) жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлгендегі Қазақстан Республикасының үлесі	7769824
4	<i>Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені</i>	406653
	үшін алынатын алымдар	

06	Жергілікті маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүргені үшін алынатын алымнан басқа, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүргені үшін алынатын алым	283368
12	Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті қондырыларды мемлекеттік тіркеу үшін алым	51307
13	Телевизиялық және радио хабарын тарататын үйымдарға радиожиілік өрісін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым	31234
15	Теңіз, өзен және шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым	6294
16	Дәрі-дәрмектерді мемлекеттік тіркеу үшін алым	22424
17	Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу үшін алым	1408
19	Респубикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнамалар орналастырғаны үшін төлем	10618
06	<b>Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар</b>	46891522
1	<i>Кеден төлемдері</i>	40938015
01	Кеден бажының бірыңғай ставкасын қолданумен жеке тұлғалардан өндіріп алынатын әкелінетін тауарларға салынатын кеден баждарын қоспағанда, әкелінетін тауарларға салынатын кеден баждары	34524664
02	Әкетілетін тауарларға салынатын кеден баждары	5665469
03	Әкелінетін тауарлардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген кедендік баждар	679542
04	Кеден бажының бірыңғай ставкасын енгізу нәтижесінде жеке тұлғалардан өндіріп алынатын әкелінетін тауарларға салынатын кеден баждары	68340
2	<i>Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқада салықтар</i>	5953507
01	Кедендік бақылауды және кедендік рәсімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдер	5953507

07	<b>Басқа да салықтар</b>	150012
1	<i>Басқа да салықтар</i>	150012
09	Респубикалық бюджетке түсетін басқа да салық түсімдері	150012
08	<b>Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны үшін</b> 2098183 және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	
1	<i>Мемлекеттік баж</i>	2098183
01	Консулдық алым	2092914
13	Апостиль қойғаны үшін мемлекеттік баж	5269
2	<i>Салыққа жатпайтын түсімдер</i>	74055890
01	<b>Кәсіпкерлік қызмет пен меншіктен түсетін</b> 54208467 кірістеп	
1	<i>Ведомстволық кәсіпорындардың тауарлар мен</i> 463874 қызметтерді пайдамен сатудан түсетін іс жүзіндеғі пайдасы	
01	Респубикалық мемлекеттік кәсіпорындар	463874
	пайдасының үлесі	
2	<i>Занды тұлғалардан және қаржы мекемелерінен</i> 50757010 түсетін салыққа жатпайтын түсімдер	
01	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің	16500000
	кірісінен түсетін түсімдер	
02	Қазақстан Республикасы Үкіметінің депозиттері	1500000
	бойынша алынған сыйақылар (мұдделер)	
03	Респубикалық меншік болып табылатын	3738564
	акциялардың пакеттеріне дивидендтердің түсімі	
04	Мемлекеттің сыртқы заемдар қаражатын екінші	5285
	денгейдегі банктер шоттарына орналастырудан	
	түсетін сыйақылар (мұдделер)	
11	Жер қойнауы туралы ақпараттың пайдалануға	105911
	берілгені үшін ақы	
26	Әскери полигондарды пайдаланғаны үшін	3803250
	жалгерлік төлемнен түсетін түсімдер	
27	"Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін жалгерлік	24894000
	төлемнен түсетін түсімдер	
28	Респубикалық меншік мүлкін жалға беруден	210000
	түсетін түсімдер	
3	<i>Кәсіпкерлік қызмет пен меншіктен түсетін басқа</i> 2987583	

д а к і р і с т е р

